

**ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫНДАҒЫ  
ҰЛТ ТАРИХЫН ЗЕРДЕЛЕУ –  
ҰЛТ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ,  
ҰРПАҚ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ КЕПІЛІ**



**Зада ДҮКЕНБАЕВА**

*ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының  
бас ғылыми қызметкері, т.ғ.д., профессор, Астана қ.*

Халқымыздың тәуелсіз Қазақстан Республикасы атты мемлекет құрып, ұлттың азаттығын сақтай білуі бүгінде қаншалықты маңызды болса, сол мемлекеттің шынайы да танымды тарихын жазып, келер ұрпаққа жеткізе білу де соншалықты маңызды. Өйткені, тарих – ұлттың жады. Танымды тарихы жадында жатталған ұлт қана ұлт ретінде сақталып, басқалармен қатар терезесі тең өмір сүре алады. Тарихын қастерлеген ұлт қана өткеннен тағылым алып, келешегіне сеніммен қарайды. Демек, ғылыми негізде жазылған танымды тарих – ұлт тәуелсіздігінің, ұрпақ тәуелсіздігінің кепілі.

Тәуелсіздік жылдары Қазақстан тарихы қайта жазылып, ұлттық және мемлекеттік мүдде тұрғысынан қайта зерттелуде. Кеңестік кезең жылдарында солақай саясаттың негізінде бұрмаланып жазылған келеңсіз тарихи тұстары қайта қарастырылынып, ақиқат тұрғысынан жаңаша зерделенуде. Сонымен бірге, азаттық жылдарындағы еліміздің жеткен жетістіктері басты назарда болып отыр. Қазіргі уақытта тарих ғылымы кеңестік дәуірдегі таптық методологияның шеңберінен шығып, зерттеудің жаңа бағыттары анықталып, тарихтың ақтаңдақтар беттері қайта ғылыми негізде зерделенуде. Қазақ тарихы Түркі өркениетінің ажырамас бөлігі ретінде зерттеліп, дала тарихындағы көшпелілердің орны айқындала түсуде. Қазақстан мемлекеті Еуразиялық идеяның жалғастырушысына айналды.

Бірнеше ғасырлар бойы тағдырдың тауқыметті қасіретінен көз аспаған қазақ халқы өз тарихында тұңғыш рет өз тарихын өзі жасап қана қоймай, сол жасаған деректерін тарих ғылымының талаптарына сай: жинау, жүйелеу, саралау, тасқа басып жариялау және деректанулық талдаудан өткізу арқылы өзінің объективті тарихын жазу мүмкіндігіне де ие болып отыр. Кезінде өзінің төл деректерін жинауға, жүйелеуге, шашау шығармай сақтап, өз тарихын жазуға мүмкіндігі болмаған халқымыз, бүгінде ақпараттар, яғни деректер тасқынының астында қалып отыр. Уақыт ерекшелігіне сай қоғамның аса үлкен жыл-

дамдықпен дамуы, бұрын ғасырлар бойы болмайтын маңызды тарихи оқиғалар тізбегінің көз алдымызда үздіксіз өтіп жатуы, сол оқиғалар бейнеленген деректер тасқынының пайда болуына алып келді.

Үстіміздегі жылдың 5 маусымында Елордамыз – Астана қаласында Қазақстан Республикасының ұлттық тарихын зерделеу жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобының кеңейтілген мәжілісі дәлірек айтсақ, жалпыұлттық кеңесі өткізіліп, отандық тарих ғылымы, дүние жүзі тарихы, соның ішінде Қазақстан тарихы туралы зерделі мәселелер көтеріліп, дәйекті сын айтылып, болашақта ұлттық тарихты зерттеу және оқыту түйіткілдері жан-жақты қарастырылды. Бұл шара тәуелсіз ел тарихындағы қазақ тарихына, Қазақстан тарихы туралы мәселе көтерген тұңғыш мәжіліс болды. Жүріп өткен жиырмадан астам уақыт ішінде Отан тарихы жайында мұндай мемлекет көлемінде, жалпыұлттық деңгейде мәселе көтерілмеген екен. Еске түсірсек, Елбасының тарихи еңбектерінен басқа, тарихқа арналған бір ғана 1995 жылы қабылданған тарихи сананы қалыптастыру туралы тұжырымдаманы ғана тілге тиек етеміз. Қазақстан Республикасы осы уақыт аралығында талай белестерден өттік, тәуелсіздігімізді нығайттық, елдігімізді әлемге таныттық. Елбасының сөзімен айтсақ, «ортақ күш-жігер жұмсауымыздың арқасында ел танымастай өзгеріп, өзіндік бет-бейнесі бар, өзіндік ерекшеліктер мен өзіндік ұстанымдары бар табысты мемлекетке айналды [1].

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бас-тамашылдығымен Ел тарихын зерделеуге арналған жоғары деңгейдегі басқосу жиыны тек тарихшылар үшін ғана емес мемлекет, бүкіл қазақстандықтар, әсіресе кемел ұрпақ үшін көкейкесті бас қосу дер едім. Себебі ертеңін ойлаған мемлекет қана өз тарихына көз жүгіртіп қана қоймай, оған барынша мән беріп, болашағын бағамдайтынын әлем елдерінің тәжірибесі дәлелдеп отыр. Сондықтан да төл тарихымызды терең білмей, ертеңіміз айқын болады деу қиынсыз. «Сөздің ең ұлысы, ең сипаттысы – тарих» – деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қай заманда болмасын, тарихшыларға артылар жүк ауыр болған. Оның себебі де түсінікті. Қай заманды алсаңыз да, тарих – халықтың ұлттық санасын қалыптастыру, мемлекеттік идеологияны насихаттау, жас ұрпақты патриотизм рухында тәрбиелеу қызметін атқарған. «Тарих ғылымы – барлық ғылымдардың атасы» десек, артық айтпаған болармыз [2].

Тәуелсіздік жылдарында Елбасының тікелей араласуымен «Қазақстан Республикасында тарихи сананы қалыптастыру» тұжырымдамасы, «Мәдени мұра», «Ғылыми қазына» сияқты Мемлекеттік бағдарламалар қабылданып, қаржыландыру мәселесі шешілді. Мұрағат қорлары ашылып, тарих беттері толықтырылды. Басқаша айтқанда алғашқы «сындарлы он жыл» мен кейінгі «жасампаздық пен бейбітшілік жылдарын» қамтитын жанама тарихтың маңызды оқиғалары ғылыми айналымға енді.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XX сессиясында тарих мәселесін қайта жаңғыртып, «...Қазақтардың ұлттық тарихы, олардың этногенезі мыңдаған жылдарға созылған бірегей ажырамайтын үдеріс ретінде қарастырылуы тиіс. Осы тұрғыда қазіргі заманғы Қазақ-

стан Ұлы Дала өркениетінің ежелден келе жатқан шешуші мұрагерлерінің бірі ретінде заңды түрде көрініс табады» – деп қадап айтты [3].

Әрбір елдің дамуы мен әлемдік өркениетте алатын өзіндік орны мен ерекшеліктері болатындығы даусыз. Біз де өзіндік ерекшеліктері бар мемлекет ретінде дамып келеміз. Ендігі кезекте қол жеткізген жетістіктерімізбен қатар өткенімізге назар аударып, оны зерделеп, барымызбен жоғымызды түгендеп, тарихты оқып-үйрену мен зерттеудің мән жағдайын таразылайтын уақыт келді. Бұл заңдылық. Себебі, кез келген ғылым саласы жаңа әдістерді іздеуі қажет. Қазіргі киелі тәуелсіздігіміздің жағдайында бұрынғы бұрмаланып жазылған тарихтың ақтаңдақтары нақтыланып, жаңаша деректермен толықтырылуы бүгінгі ұлттық мүдде тұрғысынан алғанда өте маңызды. Тарихтану процесінде ғылыми ұстанымдар мен көзқарастарды қайта қарау мәселесі өркениеттілік пен жүйелілік тұрғысынан зерттеу мәселесі кәсіби тарихшылар арасында кеңінен талқылануда. Күн тәртібінде тарихты әлеуметтану, аймақтану, психология, экономика, саясаттану, жаратылыстану, педагогика ғылымдарының әдістәсілдерін қолдану негізінде пәнаралық байланыс арқылы зерттеу көзделуде. Бұдан тарих ғылымының аясы кеңімесе, тарыла қоймасы анық. Тарихты жазу бір бөлек те, оны халыққа жеткізу, санаға сіңіру, қоғамның тарихи санасын қалыптастыру одан да маңызды мәселе. Тарих ғылымы қоғамның тарихи танымы мен тарихи санасын қалыптастыруы арқылы дәріптеу қажет. Әсіресе, тарихи тақырыптарға жазылған еңбектер арқылы халықтың тарихи санасын қалыптастыруға ықпал жасау керек. Ол үшін, ел ертеңі жастарды өз бетінше жеке көзқарастарын қалыптастыруда тарихи шығармалардың алатын орны ерекше. Өйткені жастар ресми тарихтан гөрі, көркем тарихты оқуға құмар. Көркем тарихтың артықшылығы – тарихи сананы қалыптастыруға күшті әсер ететіндігінде. Бірақ, тарихи сананы көтеруде, тарихпен тәрбиелеуде үлкен рөл атқарғанымен, ол кітаптар дегенмен де ресми тарих бола алмайды. Біздің тарих – тұлғаға негізделген тарих. Жеке тұлға қазақ үшін өте маңызды. Қазақ халқының жадында тарих әрқашан сақталып келген. Халқымыздың осы ерекшелігін Елбасы дұрыс түсінді. Осыған орай, Елбасы Н. Назарбаевтың Жарлығымен үш жыл қатарынан тарихи танымға айрықша назар аударылды. Олар: 1997 – «Қоғамдық келісім және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы», 1998 – «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы», 1999 – «Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы» деп аталынды. Ұлттық тарихқа стратегиялық тұрғыдағы өзінің көзқарасын Мемлекет басшысы 1999 жылы шыққан «Тарих толқынында» кітабында баян етіп берді.

2003 жылы Қазақстан халқына Жолдауында Президент Н.Ә. Назарбаев бұрын-соңды болып көрмеген «Мәдени мұра» бағдарламасын қабылдау керектігін жариялады. Бағдарлама жүзеге асырылған 2004–2011 жылдар аралығында Қазақстанның тарихы мен этнографиясы бойынша 26 арнаулы зерттеу жүргізілді. Дегенмен, мұның бәрі – тарихи жады мен тарихи әділеттілікті қалпына келтіру жолындағы ауқымды жұмыстың басы ғана еді.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясында «Біз ұлттың тарихи санасын қалыптастыру жұмысын жалғастыруымыз керек» –

деген тұжырым жасаған. Міне, осыған орай, Президенттің тапсырмасымен «Халық тарих толқынында» бағдарламасы жасалынды. Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты ретінде Қазақстанның тарих ғылымының алдыңғы қатарлы әдіснама мен әдістеме арқауында сапалы жанаруды жүзеге асыруына жағдай жасауды; қазақтардың ұлттық тарихының көкжиегін нығайту, ұлттық жаңа дүниетанымын қалыптастыруды; Қазақстанның жаңа тарихының жиырма жылының мәнін пайымдауды айтуға болады. Бір сөзбен айтқанда, бұл бағдарлама Қазақстанның тарих ғылымына сапалық жанару әкелетіні сөзсіз.

Қазіргі уақытта Қазақстан тарихын оқыту аса өзекті, күрделі, көпқырлы мәселелердің бірі болып табылады, өйткені оны заман ағымында жүргізу талабы қойылған. Ең бастысы Қазақстан тарихы пәнін орта білім беретін мектептер мен жоғары оқу орындарында оқытудың аражігі ажыратылуы тиіс. Қазіргі уақытта пәнді орта және жоғары мектепте оқытуда қайталаулар орын алған. Осыған байланысты пәннің типтік оқу бағдарламаларын қайта қарау қажет. Мектепте оқытылатын Қазақстан тарихы тым күрделі, фактілерге толы, әрі оқушының қабылдауы үшін оқу құралдарының тілі ауыр. Оларды барынша қарапайым, әрі оқушы үшін түсінікті және тартымды етіп жазу керек. Жалпы оқулықтар орта білім беретін мектептердегі озық тәжірибелі мұғалімдер және ғалымдармен бірлесе отырып жазылса қазіргі айтылып келе жатқан сыннан арылуға болады. Төменгі сыныптардың оқулықтары иллюстрациялар арқылы дайындалғаны абзал, ал жоғары сыныптар үшін хрестоматия, деректер мен құжаттар жинақтары қоса берілгені жөн. Сонда тарихи материалдарды игеру жеңіл, белгілі бір оқиғалар мен процестерді деректер арқылы талдау оларды ұзақ уақыт жадта сақтауға қолайлы бола түседі. Жоғары оқу орындарында тарихты оқытудың тұжырымдамалық ұстанымдары қалыптастырылып, тарихшы емес мамандықтар үшін оқулықтар мен оқу құралдары жүйелі түрде жазылуы тиіс. Жоғары оқу орындарында тарихты оқытуда әлі күнге дейін сонау алпысыншы, жетпісінші, тіпті елуінші жылдарда жарияланған оқулықтар пайдаланылады. Әрине, олардың маңызы зор, саликалы еңбектер екендігі күмән тудырмайды, десек те содан бері жарты ғасырдан аса уақыт өтті емес пе?! «Елу жылда ел жаңа» деген ғой халқымыз, ендеше оларды да жаңартатын кез келді. Әсіресе, ежелгі дүние тарихы, орта ғасырлар тарихы, т.б. бойынша оқулықтарды бірнеше ғалымдар жұмылып жазулары керек. Қазақстан тарихын оқытуда тың бағыттар, соны тәсілдер мен әдістерді меңгеру және оларды күнделікті білім беруде пайдалану мәселесі көкейкесті болып табылады. Сондай тың тәсілдердің бірі пәнаралық байланыстарды орнату болып саналады. Пәнаралық тәсілдерді кеңестік кезеңдерде де, одан ерте кезеңдерде де ғалымдар өз еңбектерінде пайдаланған. Мысалы: ортағасырлық ғұлама ғалымдар әл-Фарабиден бастап, кейінгі кеңестік кезеңдердегі ғалымдар әл-Машани да осы пәнаралық ғылыми тәсілдерін теориялық қағидаларымен көрсете білген. Заман талабына сәйкес бұл қағидалар сұранысқа ие бола алмады. Уақыт өте келе пәнаралық байланыстың қағидаттары үлкен сұранысқа қайтадан ие болды. Пәнаралықтан өзге оқытудың интерактивті тәсілдерін пайдалану қалыптасқан әдістермен қатар оқытушының әр алуан түрлерді ұсы-

нуына мүмкіндіктер береді. Оқытудың жаңа технологияларын пайдалануда әдістемелік ұсынымдардың маңызы арта түсері сөзсіз.

Қазақ халқының сан ғасырлық қайғы-қасіретке толы тарихында тағдырдың талай тәлкегіне түсіп, көптеген оқиғаларды басынан кешіргендігі баршаға мәлім. Әйтседе сондай күрмеуі қиын, тығырықты жағдайдан аман-есен, елдігін, бірлігін жоғалтпай шығып отырды, өйткені оның жігерін еселеп, рухын туыр етіп желбіретіп, арманын асқақтатқан тәуелсіздікке, азаттыққа деген ұмтылысы мен құштарлығы еді. Осы орайда Елбасының «қазақ тарихында біз ұялатын ештеңе жоқ» деген сөзі ойға оралады [4]. Біздің тарихымыз әуел бастан тәуелсіздік, азаттық үшін күреске толы. Қазіргі тәуелсіздігіміз солардың жемісі. Біз тәуелсіздігімізге тоқсаныншы жылдардың бас кезінде қол жеткіздік деп түйеміз, алайда бұл бұрынғы азат елдігіміздің жаңғыруы екенін естен шығармағанымыз жөн. Қазіргі уақытта қазақ тарихының ақтаңдақ беттерінде орын алған жақтары қайта зерделенуде. Сонымен қатар, көптомдық Қазақстан тарихын жазуда қайта қолға алына бастады. Бұл да болса тәуелсіздігіміздің арқасында іске асырылмақшы мақсаттардың бастамасы. Алайда сол тарихымызды қалай жазамыз деген сауал аса өзекті. Осы турасында талай жиын өткізіліп, талай пікір айтылуда. Таптауырын болған төл тарихымызды зерттеумен қалай болса, солай кім көрінген айналыспауы керек, онымен кәсіпқой тарихшылар айналысуы керек. Өйтпеген жағдайда біз тарихты одан әрі бұрмалай түсуіміз мүмкін.

Алқалы жиыннан кейінгі күндері баспасөз беттерінде ғалым-оқытушылар жариялаған мақалаларындағы туындаған ортақ пікір тарихты зерттеуде, оқытуда үлкен өзгерістер керектігін, ұлттық тарих қоғамдық ғылымдардың арасында орталық буынға айналуы тиіс екендігі жөнінде көптеп айтылуда.

Мемлекеттік хатшының тарих ғылымына неліктен ерекше мән беруіміз керектігіне байланысты пікірі: «Тарихқа арқа сүйемесе, болашақ бұлдыр. Планетада мән-мағынамен құндылықтардың мылтықсыз майданы күн сайын жүріп жатқан қазіргі күнде тарихи жадыны сақтап қалу – жалпы, өзіңді-өзің сақтап қалудың жалғыз жолы» – деп дәйектеген болатын. Бұл мемлекет тарапынан айтылған сөз [5].

Жас тәуелсіз ел үшін жоғары, орта буын оқу орындарында тарих кафедраларының жөнсіз жабылуы, сағаттарының қысқартылуы, ұлттың жоғалтқан рухани-мәдени құндылықтарын қайтадан қалпына келтіруге үлкен соққы болғандығы тарихтан белгілі. Қазақстан тарихын жоғары оқу орындарынан алу бағытын кезіндегі басқарушы шенеуніктер шетел (Польша, Америка, т.б.) өкілдерінің ұсыныстарына сүйенген. Бұл Қазақстан тарихын оқытудың ерекшелігін, Қазақстан тарихы ғылымының жаңа ғана қалыптасып келе жатқанын түсінбеген басшылықтың іс-әрекеті еді. Ұлттық сананы қалыптастырудың ең негізгі жолы – тарихи білім. Ол жүйелі түрде мектептерде, ЖОО-да іске асады. Сондықтан тарих пәнін оқытудың маңыздылығын түсінудің орны ерекше.

Жоғары оқу орындарының Қазақстан тарихын оқытуды тарихшылар жастардың ұлттық намысын шыңдауға, ата-баба рухы деген қасиетті сөздерді жоғалтпауға тәрбиелейді. «Қазақ – үлкен ел, ақ тілеулі, рухы күшті ел! Қаншама

қансырасақ та көктемгі көктесіндей қайта көктейміз, қайта өрлейміз» деген болатын Төле би бабамыз.

Тарих – шын мәнінде ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеудің негізгі қайнар көзі. Елбасы тарих туралы тағы бір сөзінде «Өркениетті алға бастыратын ғылым десек, соның бірден-бір саласы жас ұрпақты дәл тарихтай отаншылдыққа, ұлтжандылыққа, әділдікке тәрбиелей алмайды», – деп түйіндеген.

Мемлекет тарапынан жасалған зор мүмкіншілікті пайдалана отырып, қазақтың шын тарихын жазу, оны саясаттандырмау бағыты күн тәртібіне қойылып отыр. Ұлт Көшбасшысының қолдауымен жүзеге асырылып жатқан «Халық тарих толқынында» деген бағдарлама қазіргі өмір сүріп отырған ортаға, халық пен оның тарихына деген көзқарас отанын сүйетін азаматтарға түбегейлі өзгеріс әкелетініне толық сенімдімін.

Әрбір мемлекет алдымен өзінің ұлттық мүддесін қорғайды десек, тарих ғылымының міндеті де – тәуелсіздікті баянды ету. Өздеріңізге белгілі, қазақтар еш уақытта ешкімге қарсы соғыс аспаған, ата-бабалар жерін ерлікпен қорғаған халық. Сондықтан бізге тарих арқылы Рухы биік Қазақ ұлтын әлемге таныту өте маңызды. Ол үшін, алдымен өзіміз ғылыми айналымдағы құжаттар мен материалдарды толық игере отыра, ұлттық санамызды жаңғыртуға бірлесе отыра күш салуымыз қажет.

Қазақстан тарихы – әлем тарихының құрамдас бір бөлігі десек, ұлттың тарихын дүние жүзілік тарихпен сабақтастықта жазуға бағыт алуымыз кезек күттіртпейтін мәселе. Бүгінде Ұлттық тарихты ұлықтауда, әсіресе Тәуелсіздік тарихын жазуда, төл тарихымызда бүгінгі күнге дейін нақтылап дәуірлеуде өз шешімін таппай келе жатқан мәселелер төңірегінде Мемлекет тарихы институтының алатын орны ерекше. Әсіресе, ұлттық тарихты дәуірлеуді нақтылау сияқты маңызды тақырыптар бойыншаотандық және шетелдік ғалымдармен, жоғары, орта буын оқу орындарындағы ғалым оқытушылар құрамымен және мектеп оқытушыларымен арнайы форумдар, дөңгелек үстелдер, ғылыми семинарларды жиі өткізіп тұру орын алған. Ойымызды түйіндей келе, бірлескен күшпен ғана біз жалпыұлттық тарихи сананы қалыптастыру мақсатына жете аламыз. Алайда, тарих ғылымын одан әрі дамыту және оны реформалаудағы басымдықтары тарихшы-ғалымдардың жауапкершілігіне тиесілі екендігі даусыз.

## **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ**

1. Н. Назарбаев. Тарих толқынында. Алматы: Атамұра, 1999.
2. А. Байтұрсынов. Ақ жол. Алматы, 1989.
3. Н. Назарбаев. Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам // Егемен Қазақстан. 17 шілде 2012 ж.
4. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Қазақ әдебиеті. 2012 жыл 28 желтоқсан.